

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту  
министрлігіҚазақстан Республикасы Оқу-  
ағарту министрінің м.а. 2024  
жылғы 27 маусымдағы № 161  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2024 жылғы 28  
маусымда № 34631 болып тіркелді

Министерство просвещения Республики Казахстан

**«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:


көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5 – қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5 – қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 11, 12, 13, 14 және 15 – қосымшалар осы бұйрыққа 6, 7, 8, 9 және 10 – қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 61 және 62 – қосымшалар осы бұйрыққа 11 және 12 – қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 103 – қосымша осы бұйрыққа 13 – қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



«ЗКАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦК мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

**Е. Оспан**

**Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Туризм және спорт министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрінің  
міндетін атқарушы  
2024 жылғы 27 маусымдағы  
№ 161 бұйрығына  
I-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 8 қарашадағы  
№ 500 бұйрығына  
I-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған  
бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		①	②	③	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	9	11	11	37	1252
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі	-	2	2	2	6	204
5	Шетел тілі	-	-	2	2	4	136
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	726,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	118,5
	Жаратылыстану	1	1	1	1	4	135
8	Жаратылыстану	1	1	1	1	4	135
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	135
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	3	3	3	3	12	405
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Еңбекке баулу	1	1	1	1	4	135
12	Бейнелеу өнері	1	1	1	1	4	135
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
	Инварианттық оқу жүктемесі	18,5	22	25	25	90,5	3058,5
Варианттық компонент							

**e.zan**

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық  
актілердің эталонды бақылау банкі  
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов  
Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 27.06.2024  
Сақтау күні 04.07.2024  
Дата редакции 27.06.2024  
Дата скачивания 04.07.2024

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	2	1	1	5	169
Вариативтік оқу жүктемесі	1	2	1	1	5	169
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5	24	26	26	95,5	3227,5